



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевті қабылдады.

Мемлекет басшысына компанияның биыл бірінші жартыжылдықта атқарған операциялық және қаржылық қызметінің нәтижесі туралы есеп берілді. Сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» компаниясы былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда барлық негізгі көрсеткіш бойынша өсімге қол жеткізгені баяндалды.

«Мағзұм Мырзағалиев ірі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысы, атап айтқанда, Атырау облысында қуаты жылына 1 250 мың тонна полиэтилен өндіретін зауыттың және Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында жаңартылатын энергия көздерін пайдалану

арқылы жұмыс істейтін гибриді электр станциясының құрылысы жөнінде айтты», делінген Ақорда хабарламасында.

Мемлекет басшысына мұнай өңдеу зауыттарының жұмысы, жанар-жағармай материалдары өндірісінің қарқыны және олардың қорын қалыптастыру туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, «ҚазМұнайГаз» Францияның Air Liquide компаниясымен бірлесіп, Павлодар мұнай химиясы зауытында 160 мың тоннаға дейін қысқы дизель отынын өндіруге мүмкіндік беретін жобаны іске асыруға ниетті.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев геологиялық барлау жұмыстарын дамыту және перспективті барлау учаскелерін зерттеу үшін ірі инвесторлар тарту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Мемлекет басшысы Түркия Президентімен телефон арқылы сөйлесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Екі ел басшылары бір-бірін Құрбан айт мерекесімен құттықтап, Қазақстан мен Түркияның бауырлас халықтарына игілік пен бақ-береке тіледі.

Әңгімелесу барысында сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы екіжақты стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту перспективалары талқыланды.

Сонымен қатар былтыр Мемлекет басшысының Ан-



караға және Түркия Президентінің Астанаға жасаған мемлекеттік сапарлары кезінде қол жеткізілген уағдаластықтарды тиімді жүзеге

асыруға баса мән берілді. Сонымен қатар тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Алғашқы сессия қорытындыланды



Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Палатаның жалпы отырысында Парламент депутаттары бастамашылық еткен «Органикалық өнім өндіру және оның айналымы туралы» заң жобасы және оған ілеспе түзетулер бірінші оқылымда мақұлданды.

Құжат органикалық өнімдердің ішкі нарығын қалыптастыруға және дамытуға жәрдемдесуге, сыртқы нарықтарда отандық өндірушілердің органикалық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Негізгі заң жобасының жаңа редакциясында оның негізгі ережелері нақтыланып, толықтырылды. Атап айтқанда, бірлескен кепілдіктер жүйесінің қалыптасуы мен оның жұмыс істеуіне, сондай-ақ органикалық өнім өндірушілерді топтық сертификаттауға қатысты нормалар қайта қаралды.

«Қазіргі уақытта органикалық өнімдердің әлемдік нарығы 120,6 миллиард еуроны құрайды және ол белсенді өсіп келеді. Кейінгі 20 жылда оның көлемі 7 есеге өсті, яғни сала әлемдік

трендке айналып отыр. Халықаралық ұйымдардың бағалауы бойынша, органикалық өнім экспорты бойынша Қазақстан 123 елдің ішінде 9-орынды, органикалық бидай экспорттаушы елдер арасында 4-орынды, Еуроодаққа органикалық майлы зығыр тұқымын экспорттау бойынша 6-орынды алады.

Өздеріңізге белгілі, 2015 жылы «Органикалық өнімдерді өндіру туралы» заң қабылданған болатын. Алайда сала мамандары мен эксперттерінің пікірі бойынша, бұл заң отандық органикалық өнім өндірушілердің заңды мүдделерін толық қорғай алмай отыр. Әрі органикалық өндірісті жүргізудің халықаралық тәжірибесіне сәйкес келмейді», деді Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы Әли Бектаев.

Депутаттың айтуынша, құжаттардың негізгі мақсаты – органикалық өнім өндіру саласындағы заңнаманы жетілдіру. Заң жобаларында бірқатар мәселе қарастырылған. Мәселен, органика-

лық өнім өндіру мәселелерін ғана емес, олардың өнім айналымы мәселелері реттелмек. Сондай-ақ «органикалық» өнімнің табиғаты мен қасиеттеріне қатысты тұжырымдамалық ұғымдар жетілдірілген. Яғни «органикалық өнім», «органикалық өнім айналымы», «органикалық өнімді есепке алу және қадағалау жүйесі», органикалық өнімді таңбалау секілді жаңа ұғымдар енгізілді.

«Үшінші, өнімді емес, органикалық өнімді өндіру үдерісін сертификаттау ұсынылады. Бұл тәсіл өндіріс үдерістерін нақтылайды және халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді. Төртінші, органикалық өндірісті сертификаттау, әлемдегі жетекші өндірушілер мен экспорттаушылар тәжірибесіне орай, сату нарығының сұраныстары мен қалауына байланысты жүзеге асырылады.

Бесінші, органикалық өнім өндірушілердің топтық сертификаттаудан өту мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Бұл органикалық өндірушілерді кооперациялау мен біріктіруге және нақты өндіруші үшін сертификаттау шығындарын төмендетуге ықпал етеді. Алтыншы, тың және тыңайған жерлер өтпелі (конверсиялық) кезеңсіз органикалық өсімдік шаруашылығы айналымына енгізіледі. Қолданыстағы заңнама бойынша конверсиялық кезең кем дегенде бір жылды құрайды және ол барлық жерлерге таралады», деді Ә.Бектаев.

Бұдан бөлек, Еуропалық комиссиямен бірлесіп келіскен тыңайтқыштар тізімдері бекітілмек. Депутаттың айтуынша, бұл норма органикалық тұқымдарды, жануарларды, технологияларды, әдістерді, органикалық өндіріс құралдары мен тәжірибелерін іздеуге байланысты көптеген өндірістік мәселені шешуге бағытталған.

Сенат заңсыз алынған активтерді қайтару туралы заң жобасын мақұлдады



Сенат заңсыз жолмен алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы заң жобасын мақұлдады.


Заң жобасы Қазақстанға заңсыз жолмен алынған мүлікті анықтау мен қайтарудың және оларды заңды экономикалық айналымға тартудың заңнамалық тетіктерін айқындауға, мүлікті заңсыз иемдену мен алып

қоюға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жоюға, сондай-ақ қоғамда әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған. Бұған дейін айтылғандай, заң жобасында активтерді ерікті және мәжбүрлі қайтару қарастырылған.

«Ерікті қайтару заңсыз алынған мүліктің барлығын немесе бір бөлігін өз еркімен қайтару туралы шарттар жасасу арқылы мемлекет меншігіне беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжбүрлеп қайтару Қазақстанның, шет мемлекеттердің сот актілері немесе олардың құзыретті органдарының шешімдері негізінде жүзеге асырылады. Онда қайтарылған активтерді жинақтау және Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық жобаларды қаржыландыру үшін арнайы мемлекеттік қор мен басқарушы компания құру қарастырылған», деді сенатор Андрей Лукин.

Заң жобасында қазақстандық құқыққа азаматтық тәркілеудің жаңа институты енгізіледі, ол қазіргі уақытта шет елдерде көңінен қолданылады. Негізгі заң жобасынан басқа, сенаторлар оның нормаларын іске асыруға бағытталған бірнеше ілеспе заң жобаларын мақұлдады. Барлығы еліміздің 11 кодексі мен 15 заңына түзетулер енгізілді.

«Созақ үні» ақпарат.



Бүгінгі таңда аудан әкімдігіне қарасты бөлім, мекемелер мен Шолаққорған ауылдық округ әкімшілігі тарапынан Қазыбек би көшесінің бойында орналасқан екі қабатты, көп отбасылы тұрғын үйлердің қасбеттері әктеліп, қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. Алдағы күндері М.Мәметова көшесінің бойында орналасқан 16 пәтерден тұратын 2 тұрғын үйді де қамту жоспарлануда.

АУДАН ОРТАЛЫҒЫН КӨРКЕЙТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Аудан орталығы ауданымыздың айнасы болғандықтан әкімдік тарапынан ең алдымен жол бойындағы тұрғын үйлердің сыртқы көлбеті мен көшелердің тазалығына басым бағыт берілуде. Бұл жөнінде аудан басшысы жауапты мамандарға нақты тапсырмалар жүктеп, орындалу барысын күнделікті назарға алуда.

Айта кетейік, бұған дейін орталық маңызы бар С.Қожанов және Жібек жолы көшесінің бойында орласқан тұрғын үйлер мен кәсіпкерлік нысандардың қасбеттері қалыпқа келіп, үй іргелік шарбақтары бір түсте боялды. Сондай-ақ әлеуметтік нысандар мен саябақтар қоса қамтылды.

«ОТБАСЫМ-ҮЙІМ, ОТБАСЫМ-ТІРЕГІМ»

Түркістан қаласындағы Балуан Шолақ атындағы спорт кешенінде 23-маусым Мемлекеттік қызметші күніне арналған мемлекеттік қызметшілердің отбасылары арасындағы «Отбасым-үйім, Отбасым тірегім» атты спорттық сайыс болып өтті.

Аудан, қалалардағы мемлекеттік қызметшілердің арасында өткен жарысқа Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Асхат Абилов отбасы мүшелерімен қатысып, жүлделі II орыннан көрінді.

Спорттық сайыста аудан, қалалардағы мемлекеттік қызметшілер арасынан 7 команда қатысты. Асық ату, ләңгі тебу, командамен арқан тарту, шармен секіру сынды бірқатар спорт түрлерінен бақ сынасты.

Айта кетейік, өткізілген шараның мақсаты - Мемлекеттік қызметшілер арасында отбасы құндылығы адам өмірі мен қоғамның әл-ауқаты артуының кепілі екендігін кеңінен дәріптеу және мемлекеттік қызметшілердің отбасы арасында достықты дамыту.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

ТҰРҒЫНДАРҒА ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Жақында аудан әкімдігі ғимаратының үлкен мәжіліс залында ағымдағы жылдан бастап Республика бойынша ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі «Ауыл аманаты» пилоттық жобаны кеңінен іске асыру мақсатында жиын өтті.

арттыру үшін мемлекеттік жеңілдетілген несиенің алу жолдарын түсіндірді.

Арнайы келген түсіндіру топ өкілдеріне, жоба бойынша жиынға қатысушы тұрғындар тиісті сұрақтарын қойып, нақты жауаптарын алды.

Айта кетейік, бұған дейін

тылып, тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Жобаның негізгі мақсаты—ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерді жан-жақты қолдау, ауыл тұрғындарын аграрлық бизнеске тарту, азық-түлік қауіпсіздігін қамту және ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға байланысты мәселерді шешу. Бұл бағдарлама бойынша тұрғын үймен бірге техника және сапалы салынған гараж, сарай, қора сияқты қозғалмайтын мүліктер кепілдікке алынатын болады.

Жиында аудан әкімінің орынбасары жиналыстың күн тәртібіндегі мәселенің өзектілігін ескере отырып, туындаған мәселелерді бірлесе шешіп, ниет білдіруші жергілікті тұрғындарға қолдау көрсетілетінін хабарлады. Бұл жөнінде жауапты мамандарға тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын түрлі бағытта жүзеге асыруды тапсырды.

Жиынды қорытындылаған аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев жобаны іске асыру бағытында ұтымды ұсыныстарын ортаға салып, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру мақсатында қолға алынған жобаны тиімді іске асыру үшін тиісті жұмыстарды жүйелі жүргізу керектігін айтты.



Жиынды аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды ашып, жүргізіп отырды. Аталған шарада арнайы келген жұмысшы топ шаруалар мен кәсіпкерлік бастамасы бар халықты қаржылай қолдау, «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы аясында жеңілдетілген несиелер бойынша қажетті ақпараттар мен бөлісіп, облыс бойынша ауыл халқының табысын

«Ауыл аманаты» пилоттық жобасы аясында Созақ, Құмкент ауылдық округтерінен 7 адам қажетті несиеге қол жеткізсе, 24 адамның несиесі мақұлданды. Сондай-ақ 26 азаматтың құжаты дайындалып, 55 азаматтың құжаттары «Ырыс» МҚҰ» ЖШС-нің қарауында. Қазіргі таңда бұл жобаға Шолаққорған, Жартытөбе ауылдық округтері қоса қам-

15-16 маусым аралығындағы Жартытөбе, Құмкент, Шолаққорған ауылдық округтері мен Таукент кенті тұрғындарымен кездесуі барысында проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
1	Жартытөбе ауылдық округі Жартытөбе ауылдық округіндегі С.Сейфулин көшесіне бір трансформатордың орнатылуын қамтамасыз етсін	Мерзімі; 2023 ж 1-шілде	Ф.Жүсіпов Б.Есенқабыл М.Ниязәліұлы Б.Есенқабыл Б.Есенқабыл
2	Жартытөбе ауылындағы мәдениет үйіне бір дана электр генераторымен қамтылуын қамтамасыз етсін.	Мерзімі; 2023 жылдың аяғы	
3	Ауылдық округке абаттандыру және көгалдандыру жұмыстардың жүргізілуін ұйымдастырсын	Мерзімі; Аудан әкімімен бекітілген іс-шараға сәйкес	
4	Аққолтық елді мекеніне медпункт салу жұмыстарын облыстық басқарма арқылы құрылыс жұмыстарының жүргізілуін ұйымдастырсын.	Мерзімі; 2024 жылдың аяғына дейін.	Б.Нускабаев (келісім бойынша) Б.Есенқабыл
1	Құмкент ауылдық округі Қызылқанат елді мекеніндегі ауыз суға қосымша бір құдық қазумен бір дана резервуар орнату мәселесін ұйымдастырсын	Мерзімі; 2023 жылдың тамыз айына дейін	Д.Құдайбергенов Ф.Пәрдебекұлы Ш.Тулеев Ш.Тулеев Ф.Пәрдебекұлы Ф.Пәрдебекұлы
2	Құмкент ауылдық округіндегі істен шыққан, ауыстыруды қажет ететін көше жарық шамдарына жөндеу жұмыстарын жүргізісін	Мерзімі; 2023 жылдың маусым айының аяғына дейін	
3	Ауылдық округке абаттандыру және көгалдандыру жұмыстардың жүргізілуін ұйымдастырсын	Мерзімі; аудан әкімімен бекітілген іс-шараға сәйкес	
1	Шолаққорған ауылдық округі Шолаққорған ауылында рейдтік жұмыстар ұйымдастырып, арнайы белгіленбеген орынға қоқыс тастайтын азаматтарға айыппұл салып, түсіндіру жұмыстарын жүргізісін.	Мерзімі; тұрақты.	Ә.Елібаев Ж.Нысанбаев (келісім бойынша) Ә.Елібаев Б.Әлтеков
2	Шолаққорған ауылындағы қоқысқа толған латок арықтарға тазалау жұмыстарын жүргізісін	Мерзімі; 2023 жылдың тамыз айына дейін	
3	Ауылдық округке абаттандыру және көгалдандыру жұмыстардың жүргізілуін ұйымдастырсын	Мерзімі; аудан әкімімен бекітілген іс-шараға сәйкес.	Ә.Елібаев
1	Таукент кенті Тұрғындардың сараптама тапсыруына қолайлы жағдай жасауды ұйымдастырсын және емделу порталының уақытында берілуін қамтамасыз етсін. Емханада есепте тұрған науқастарға берілетін тегін дәрі-дәрмектермен толық қамтамасыз етсін.	Мерзімі; тұрақты	С.Маманов Б.Нускабаев
2	Ауылдық округке абаттандыру және көгалдандыру жұмыстардың жүргізілуін ұйымдастырсын	Мерзімі; аудан әкімімен бекітілген іс-шараға сәйкес	С.Маманов
3	Жыныс ата елді мекеніндегі қзлаған электр бағаналары мен желілерін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізісін.	Мерзімі; ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін	Ф.Жүсіпов С.Маманов

Қыстың қамын жаз ойла, ақша ойлама ар ойла 2

Естеріңізде болса, газетіміздің алдыңғы сандарының бірінде менің «Қыстың қамын жаз ойла, ақша ойлама ар ойла!» тақырыбындағы үндеу-мақалам жарияланған болатын. Тақырыбы айтып тұрғанындай мақалада қылышын сүйретіп қыс келе жатқандығын алға тарта отырып, аудан жұртшылығын отын-су мен қыстық мал азығын қазірден дайындау қажеттігін ескертемін. Сондай-ақ, бүгінгі күнге қатты отын көмір мен шөптің бағасы қанша боп тұрғанын елдің есіне сала отырып, той-ас қуып жүріп алмай, тапқан-таянғанын үнемдеп, қысқа қажетті отын-су мен мал азығын қымбаттап кетпей тұрып сатып алуға үндеймін.

Міне, бүгінгі мақаламды да сол мақаланың жалғасы деп ұғыңыздар. Айтайын дегенім, созақтың үні деген атауды лайықты алып жүрген газет ұжымы аудан жұртшылығын қылышын сүйретіп келе жатқан қыстың қамын жаз ойлауға шақыруды сонау қаракүзге дейін жалғастыра береміз. Өйткені, «Сөзақ үні» газеті Теріскей халқының көзі мен құлағы ғана емес, һәм тілі.

Сонымен, жылдағы әдетін-



ше маусым айының 22-күні Жартытөбе ауылдық округіне қарасты жерлестеріміздің дабыл қағуын ескерген аудан әкімдігі кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі жұмысшы топ шығарып, Жонды бетке алып жүріп кетті. Жұмысшы топты кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірбеков бастап, аудандық мәслихаттың депутаты Сапарбаев Ырыскелді, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері мен Жартытөбе ауылдық әкімшілігінің ісбас-

қарушысы қостап барды. «Бабата-1» ЖШС-нің иелігіндегі жерде жиылған жиынға Жартытөбенің ақсақалдары, осы шаруақожалықтың басшысы Сәуле Қалымбетова мен «Камила РБР» шаруа қожалығының төрағасы Сапарбаев Ырыскелді келіп қатысты. Тағы да сол жылдағы әдетінше кәсіпкерлік бөлімінің алдын-ала жасап барған калькуляциясымен жиылған көпті таныстырды, шаруаларды да осы есеппен келістірді. Нәтижесінде, биылғы табиғаттың қолайсыздығы себепті шөптің

шығымының аздығы мен сарыбас деп аталатын дала шөбінің жоңышқа алқабының 50 пайызын басып кеткенін ескерді. Тағы да шөп дестелейтін техника жөккен трактордың артына жүріп отырып, әр екі десте (пресс) шөптің ара қашықтығы 25 метрді құрайтынын анықтады. Осындай жіті қадағалаулардан соң Жонда жиылған әр үш тарап ортақ келісімге келіп, дала шөбі аралас жоңышқаның дестесінің бағасын жартытөбеліктер үшін басына 650 теңге деп бекітті. Тасымалымен жоңышқа-

ның бағасы ауыл халқының алдына барғанда 700-750 теңгені құрайды деп есептеді. Ал енді, ауданымыздың өзге ауылдарының халқы үшін бұл шөптің бағасы 750 теңге болады деп шешті. Сонда олардың алдына барғанша шөптің бағасы 800-850 теңгені құрайтын болды.

Мінеки, ағайын! «Келісіп пішкен тон келте болмас» деп, қоғамдық келісімге келген ел, жергілікті халық та кәсіпкер де бұл бәтуадан дән риза боп тарқасты. Сөйтіп, азаматтық қоғамның қадағалуымен және жергілікті биліктің естуімен байласқан бәтуә, Жаңа әрі Әділетті Қазақстан қоғамын құруға болатынын тағы да бір рет көрсетіп берді. Ендеше, еліміз аңсаған, ел басшымыз бағыт-бағдарын айқындап берген, енді тек жергілікті биліктің естуі мен азаматтық қоғамның қадағалауына қалған еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Халқымыз қыстың қамын жаз ойласын, ал, билікте, кәсіпкерлікте жүрген арда азаматтарымыз алдыңғы кезекте ақшаны емес, арды ойласын!

Данияр БЕК.

МҰРАТ, МҰРАТЫНА ЖЕТСІН

Әрбір пенде өзінің артынан ізгі іс қалдыруды қалайды. Қоғамда сауапты амалдар жасаудың түрлі жолдары бар. Сондай шексіз сауаптың бірі – мешіт салу. Мешіт – мұсылман қауымының Жаратушы иемізге кіршіксіз құлшылық жасап, шынайы тәубеге келетін, жабырқаған жанның жанына жұбаныш табатын, арман-тілегін Аллаға ақтарып, дұға тілейтін минажат үйі.

Жалпы, мешіт салудың сауабы қаншалықты үлкен екені жайында Алла Тағала Құран Кәрімде: «Алла Тағаланың мешіттерін тек Аллаға және ақырет күніне иман еткен, намаз оқыған, зекетін берген және Алладан басқа ешкімнен қорықпайтындар ғана салады», – дейді (Тәубе сүресі, 18-аят). Ең бастысы сауапты іс жасаймын деген азамат қайырлы істі атақ пен абырой алу үшін емес, Жаратушының разылығын алуды мақсат етеді.

Созақ ауылының тумасы Мұрат Сөйтбекұлы Жаратушының разылығын алу үшін осындай сауапты іс жасады. Бізден көп кіші болғандықтан мен бұл жігітті танымайды екем. Бірақ та атасы Жұмабек қариямен 3-ферма деп аталатын Созақ ауылының оңтүстік беткейінде көршілес тұратынбыз. Жұмабек атаның Ілесбек деген жиен немересінің балалық шағы сол үйде өтті. Бізден 2-3 жас үлкендеу сол Ілесбекпен доп қуып, қозы-лақ бағып, бірге ойнап өстік. Сөйтбек аға мен жеңгей орталықтағы мектепте мұғалім болғандықтан үйлерін Өскенбай ағамызға сатып, орталыққа қоныс аударып кетті. Содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтіпті. Мен Мұрат інімізді осы салдырған мешіті арқылы таныдым. Мешіт туралы айтар болсам, іші-сыртын түгел аралап көрдім. Оның архитектуралық келбетінен, ішкі-сыртқы әрлеу мен аумағын абаттандыру жұмыстарынан тырнақтай кемшілік таба алмадым. Не деген ұқыптылықпен, тиянақтылықпен жасалған тірлік! Созақ ауы-



лының кіре берісінде орын тепкен зәулім мешіт ауылға кереметтей көрік беріп, халықтың көз қуанышына айналды.

Ал енді ұйымдастыру мәселесіне тоқтала кетейін. Ашылу салтанатына қатыстым. Барлығы ойымнан шықты. Сөзге шығушылардан бастап, лентаны қиюшыларға дейін барлығы орын-орынында болды. Ашылу салтанатынан кейін халық орталықтағы өзен бойынан орын тепкен саяжайға (Ескі парк) асқа барды. Ол жерде де барлығы тәртіппен, орталықтан басқарумен және столдарға арнайы бекітілген жастардың сапалы қызмет жасауымен айшықталды. Ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында жүрген ауылдастардың айтуынша жалпы іс-шараға 12 жылқы сойылып, 650 кг күріш басылып, 2700 адамға дастархан жайылған. Жалпы 10 мыңға жуық қонақтар астан дәм татқан.

Салтанатты жиынның күн тәртібі бойынша іс-шара ақындар айтысына ұласты. Кешке қарай шеру атақты өнер саңлақтарының ән-күйіне жалғасты. Айтыскерлер мен әйгілі өнерпаздарды тек көгілдір экраннан ғана тамашалап жүрген аудан халқы үшін бұл үлкен сый болды. Айтып-айтпай не керек, бұл салтанатты мереке Созақ халқы үшін соңғы 100 жылда халық күә болған ең үлкен мереке болған болса жағап емес. Кеңес заманында ең үлкен той-ол қойшылардың тойы болатын. Жас кезімізде 1-2 рет Созақ ауылында өткен сол тойларға да күә болғанбыз. Бірақ та мұндай ауқымды деңгейде болған емес. Бұрындары мұндай үлкен астар қазақ қоғамында көптеп болып тұрған. Тарихтан бізге жеткен Сағинайдың асы дегеннен хабарымыз бар.

Сағинайдың асы 1886 жылы өтіпті. Ол асқа 500 ақ үй тігіліп, оған 500 бұхар кілем ілініпті. 5 тонна шай

әкелініп, жаңа ыдыс-аяқтар Ташкент пен Қазан қалаларынан алыныпты. 10 мың көрпе-жастық, қонақтарға сыйлауға 500 бұхар шапаны әкелініп, Сібірден 500 бағалы аң терісі алынады. 20 мың қой, 100 жылқы сойылады. Тіпті, кей деректерде үнді жерінде бой көтерген Тәж-Махал кесенесіне жұмсалған қаржыдан Сағинайдың асына жұмсалған дүние асып кетеді делінеді.

Мешіт ашылғаннан кейін ол жайлы барлық ақпарат құралдары жарыса жазды. Сондықтан мен науқанның азғана саябырсуын күттім. Міне енді сәті келген сыңайлы. Ауылымда осындай ауқымды игі-шара өткен кезде Созақ үні газетінің штаттан тыс тілшісі бола тұра менің тіс жармай отырғаным ыңғайсыздау болар дедім. Мешіттің ашылу рәсіміне айға жуық уақыт өтсе де Мұраттың атымтай-жомарттығы осы күнге дейін ауылдастардың аузынан түсер емес. Ия, айтса-айтарлықтай болды. Бұл жігіт көзі тірісінде өзіне мәңгілік ескерткіш тұрғызып кетті, десе де болады. Қазір елімізде бай-бағландар көп. Біреу-жарымы болмаса барлығы бірдей ел игілігі үшін қаржы құйып жатқан жоқ. Оны халық өзі көріп-біліп отыр. Бұл да ата-әженің, әке-шешенің тәрбиесінен бойға бітетін қасиет. Оған бойындағы ілім мен білім, рухани адамгершілік қасиеттері ұштасып жатса нағыз рухани кемел азамат сонда қалыптасады. Ия, мен Мұрат інімізді нағыз рухани кемел азамат дер едім. Мешіттің маңдайшасына ата-бабасының атын жазбай, Созақ ауылдық мешіті деп жаздыруы, немесе имам тағайындар кезде алауыздықтың жолын кесуінің өзі осыны меңзеп тұрған жоқ па!

Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед: «Кімде-кім Алланың разылығын қалап мешіт тұрғызса, Алла Тағала оған жәннатта сондай үй тұрғызады» - деген сүйінші хабар жеткізген екен. Мұрат ініміздің ниеті қабыл, мұраты асыл болсын, -дейік!

Камилжан РЫСМЕТОВ,
«Сөзақ үні» газетінің штаттан тыс тілшісі.
Созақ ауылы.

Созақтағы Қарабура әулиенің қасына қойылған Сарттан Шалданбай әулие Қоңырсопының сегізінші ұрпағы. Шалданбай аузынан Алласын тастамайтын аса діндар, тақуа, әруақты кісі болған. Сонымен қатар, қарапайым, қайырымды жан екен. Тірлігінде біреудің ала жібін аттамай, бар жақсылықты сауап үшін істеген, адалдыққа бас иіп өткен жан. Шалданбай Өмірәлі бабасының жолымен иығынан кетпенін түсірмей диқаншылықпен бағандықты кәсіп етеді. «Атаңнан мал қалғанша тал қалсын» деген жаңа үрдіске бет бұрды. Алтынтау өзенінің бойын нұ тоғайға айналдырады. Ұрпаққа мұра етіп қалдырған сай етегінен бастап алма, өрік, алмұрт, жиде, тұт секілді мәуелі ағаштары кешегі күнге дейін жеміс салып, ел ырыздық-несібесін тауып жеп жүрді.

Бүгінгі ұрпақ жүргізген саясаттың қателігімен «табиғаттың бермесін тартып аламыз», «адамға жерді табындырамыз» деп қызыл империя тұсында өз тамырымызға өзіміз балта шаптық. Туған жердің төсін алтын іздейміз деп тілгілеп, астаң-кестеңін шығарып, саялы қалың бау-



Қаратаудың әр тасы қазына, құт

дың жұрнағын да қалдырмадық.

Кезінде Шалданбай әулиенің еккен жемісінің дәмін татамын деушілер рұқсатсыз бауға қадам баспайды екен. Ары-бері жүргіншілердің өзі де баудағы жемістен рұқсатсыз бір түйірін ауызға салмайтын. Дұғасын

ғана емес, шаруашылық жұтаң тартқан кезеңде ауыл-аймақты аңқұспен де асыраған деседі. Шу өзені Алтынтау бөктерінен 100 шақырымнан астам қашықтықта жатыр. Осы жолды көктей өтетін арқар, құлан, киіктерді де аулап аң етін жегізген кездері де болыпты.

кітабында жазулы тұр. Осы азғантай ғана бақытын көре алмай қызғаныштың қызы итін үргізген ауыл белсенділері «Әулиенің тұқымы» деп, түрлі жаланы ұйымдастырып ақыры түрмеге тығып тынады.

Таяуда маусым айының 17 жұлдызы, сенбі күні Шалданбай әулиенің

қарақұр мектебінің директоры, халық қалаулысы Жорабек Тұрғанбекұлы қызыл кірпіштен салдырады. 2015 жылы жиендері Орынбаев Бегалы, Ағалы, Бәкен Мақұлбеков, Марқабай ұрпақтары болып арнайы Жамбыл облысынан ақ кірпіш алдырып салдырады. Әулиенің айнала-



оқып, бұтағына қолдағы барын байлап қана дәмін татушы еді. Төпсеңтөпсең жоңышқа еккен атамыз егісін арнайы қорымайды да екен. Үйде отырып-ақ «әй-шүмен» шаруасын реттеп отыратын көрінеді. Бір күні Бейпен деген кісінің бәйге торысының үйірі Шалданбай атаның жоңышқасына түсіпті. Бейпен қария ұлы Қалиға: -Атыңа мін де шап! Шалданбай ашуланса бәйге торы мерт болады-дегені.

Қали шауып барып ешкім көріп тұрған жоқ қой деген оймен жылқының жайылғанын қызықтап тұрып қалыпты. Шамамен сүт пісірімдей уақыт өтсе керек. Әлден уақ әкесі айтқан сөз ойына түсіп, жылқыны шетке ығыстыра береді. Не керек, мазасызданған бәйге торы үйге жетер-жетпесте пышаққа ілінеді.

Бейпенқызы Ханымкүл ана ел ата-жұрттан ауып, атадан бала ажыраған зобалаңда Тәжікстан елінде ағайыннан ажырап қалады. Тапқан азығын беліне байлаған ол ата қоныс-туған елді іздеп, күндіз жасырына көбіне түн қатып жылжып отырады. Жол білмейтін анамыз әуелі бір Аллаға, одан соң Шалданбай әулиеге сыйынады. Сол мезеттен бастап шырылдаған бір торғай жөн сілтеп алдына түседі. Тәуекел деп соңынан ілесе береді Анамыз айдан аса жол жұріп арып-ашса да елт шетіне ілігеді. Ал әлгі жол бастаушы торғай Шалданбай әулиенің мазараты көрінген соң көзден ғайып болған екен. Шалданбай әулие тек диқан

Әулие атаның мазары Алтынтау шатқалының биіктеу, қоян жан төбесіне тұрғызылған. Бұрынғы мазарат пішіні киіз үйге ұқсайтын еді. Кірер аузында намаз оқуға арналған бөлмесі бар болатын. Ертелеу ғұмыр кешіп бұл күнде бақилық болған үлкен молда Оспан қария: -Бұл намазханның қабырғасында түгел діни кітаптар қаланып тұршы еді. Жаманшылық басталған соң-ақ тауға апарып тықтым депті.

Аты айтып тұрғандай-ақ негізінен Алтынтау алтынды жер. Кеңес үкіметі тұсында үш дүркін кен өндірілді. Соңғысы шамамен 1972-1982 жылдар аралығында болса керек. Қуатты техника іске қосылып Шалданбай әулие зиратын талқандауға бет алғанымен, кереметі сол, қол созым жердегі әулие зиратының маңайына түрліше себеппен жете алмай қалады. Бірде шынжыр табаны үзіледі, бірде моторы сынады, әйтеуір істері өнбейді. Жергілікті ауыл азаматтарының ескертпелерін құлағына ілмеген кен бастығы белгісіз жағдайда тракторшы жігіт мерт болғаннан кейін, амалсыз тірлігін тоқтауға мәжбүр болады. Құдайдың құдіреті, әулиенің киесі деген осы шығар. Арқаштың ұлы Сәрсек жасынан зерек болып, ел ісіне ертерек араласып, қазіргі Алтынтау шаруашылығын ұйымдастырып өзі басқарады. Аудандағы 42 колхоздың ең озаты атанып, Мәскеудегі халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысқан. Бұл қасиетті есім көрме

Таяуда маусым айының 17 жұлдызы, сенбі күні Шалданбай әулиенің ұрпақтары Қарабура әулиенің түбінде жерленген Қоңырсопы ұрпағы, Бәтентегі Сарт бабаның басына көк тас қойып, сонау Алтынтау бөктерінде жатқан Шалданбай әулиенің сағанасына ертеңгісін ертемен арнайы барып құран бағыштады. Шараны ұйымдастырушылар Шалданбайдан тараған Арқаш, Марқаш, Марқабай ұрпақтары Ержан, Ерлан, Бектұрсын, Әбіш Марқабаетар болатын. Марқаш Ұлы Отан соғысынан оралмайды. Баянды бастамаға соғысқа дейін өмірге келген Фатима атты қызының ұрпақтары, яғни жиендері Әбдіжаппар, Әбдіхалық балалары, Арқаштың ұлы Әденнің қызы Рұхсана анамыздан туған Сәкен, Жұмат, Әлен, Миращ, Зинадан (Асылбековтер) туған жиендері, Әденнің інісі Сәрсектің қызы Гүлстаннан туған Бәкен, Талғат, Бауыржан (Мақұлбековтер) атты жиендері өз үлестерін қосты. Марқабайдың Құлайым, Күлшат, Бибігүл, Мамырхан (Сарыағаш), Әмірхан (Кентау), Тілеуби, Серікбай, Амантай (Шардара) атты ұрпақтары шараның басы қасында жүрді. Түске әлетінде Қарақұр ауылындағы Бименде ата мешітінде қозмолдақтық Асылбеков Сәкен, Қарақұр ауылының бас имамы Әбдуәлі Биқожаұлы, Шу ауылынан келген Ысқақов Кеңесбек, ауыл ағасы әулиенің ұрпағы Төребек Тұрғанбекұлы Шалданбай әулие туралы әсерлі әңгімелер айтып, салихалы бастамалар ортаға салынды. Әу басты Шалданбай әулие мәңгілік тыныстайтын сағанасын көзі тірісінде кесектен өзі салдырған екен. Кейін 1997 жылы сол уақыттағы



сын абаттандыру, суландыру, көріктендіру-көгалдандыру жұмыстары жыл өткен сайын қолға алынуда. Мысалы, соңғы бір-екі жылдың көлемінде көптеген игілікті істер атқарылды. Бұлақтың маңайы тазартылып, келген жолаушылар суын пайдалану үшін бұлақ айналасы ретке келтіріліп, әжетхана салынып, әулиені айналдыра қоршаулар тұрғызылып (түрлі жылқы, сиыр, майда малдардан қорғау үшін) жұмыстар жасалынды. Келешекте жеміс көшеттері, мәдени ағаштар отырғызылып салқын да саялы жасыл-желекке оранатын болады.

Мақсат ҚАРФАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Балалық шақтың оқиғалары

Алты, жеті жасымызда соғыс басталды. Ел күңіреніп кетті. Жас жігіттерді күнде әскерге ала бастады. Баласының соңынан аңырап жылаған ана мені өлтіріп кет, біротала деп, арбаның соңынан жүгіріп жылап жатты.

Соғыс басталғаннан көп өтпей балаң отан қорғауда ерлікпен қайтыс болды деген қара қағаз келеді. Бірлі жарымы аяқ қолынан айырылған ақсақ тоқсақтары да елге оралды. Сол соғыс жылдары жаз айларында әке-шешелеріміздің түрін көре алмайтынбыз. Олар күн шықпай кетеді, қараңғы түсе жұмыстан келе бастайды. Әйелдердің бір-бір арқа отындары болады. Кешкі тамақты дайындап, балалардың сыбағасын қазанның астына төңкеріп ұйықтауға жатады. Ал біздер балалар әлі келмеген аналарымызды күтуге шамамыз келмей ұйықтап қаламыз. Азанда тұрғанда олар жұмысқа кетіп қалған. Я бұл жағдай суық күзге шейін жалғасады. Сонда ата-аналарымыз бұл балалар күніне бір-ақ мезгіл тамақ ішіп жүргенімізді білсе де лаждары жоқ еді.

Ал біз болсақ Ауранбек, Татарбек, Сапарбек, Өмірзақ, Ортайбек, Ұласбек, Биболат (Қаражан), Маркс, Бескен, Серікбай, Елеу, Шамшия бәріміз біраз ойнап жүреміз дағы Құмкенттің солтүстік шығыс жағындағы Құмкент қораға барамыз. Қораның іші қайнап жатқан шөже торғай. Төбесі баулаған қамыспен жабылған ғой, қабырғаның ішкі көнересі жатқан ұя болады. Біріміздің иығымызға біріміз шығып етек-етек жұмыртқа аламызда мол етіп, жантақ отын дайындап, өртейміз. Сосын отын жанып біткен соң шоқты айнала отырып, аламызда ыстық күлге жұмыртқаны уыстап тастап, артынша шығарып, ала береміз, жеуге даяр. Жұмыртқаның жұқа қабығы қолың тисе болды айналып, түсіп қала береді. Шеңгелді бойлай шыққан жуаны көп қып дайындап алғанбыз. Жұмыртқаға қосып жейміз. Кейбірі бала боп қалғандары болады. Олар жұмсақ тығыз ет. Ондайын жегенде бас бармақты көрсетеміз.

Жұмыртқаға тойып алғанбыз. Енді Ауранбектің үйіне келеміз. Ауранбектің өзі бастап терезеден түсемізде (есікті жіппен байлап қойған ғой) қауақтағы жүгері көжені ішеміз. Бір қауақ көже бәрімізге жетеді. Жарықтық Ақшабақ шешеміз: - Ауранбек, ай, Ауранбек деп, айқайлай жүріп, кісі күтіп, көже дайындап, бәріне үлгеретін. Менің Әнуарбегім достарымен келіп ішкен ғой деп қуанатын.

Құмкентпен Қызылқанатта бір-бір көше бар. Сол көшелердің бас жағын кесе көлденең өтіп жатқан үлкен жол (трасса) бар. Шолаққорған арқылы Ащысайдан келе жатқан жол. Машинаның келе жатқаны Қызылкөлден шаңы бұрқы-

рап көрнеді. Біз сол машинаны күтеміз. Бір күні келе жатқан машина алдымыздан өте бергенде мен қуып кеп бердім. Үсті тола орыстар, жәшіктерге отырып алған. Кел, кел деп, мені шақырып қояды. Ойылған жермен жүргенде шаңнан ештеңе көрінбей қалады. Бір уақытта мені көріп қалып, мынау әлі қуып келеді деп, қасындағыларға айтып жатыр-ау деймін. Маған қарай екі қызыл нәрсені лақтырды. Екеуінде қағып алдым. Қызанақты алғаш көруім. Жейін десем балаларға көрсетуім керек қой. Олар менің қағып алып келе жатқанымызды көріп тұр іштерінен біреу маған қарай келе жатты. Ол не? дейді, мынауғой деп көрсете бергенімде қолымдағыны жұлып алып келді. Балаларда оны қуып барады. Бірақ ол сол жүгіріп бара жатып-ақ помидорды жеп тауысты.

Жаппар, Оспан деген біздерден бес, алты жас үлкен ағалар бар. Сол екеуі бәрімізді жинап жұмыс істетеді. Бізге Тоқбике әженің ойылған көңдерін сыртқа шығарып жинатады.

Бір күні бәрімізге екі шелектен су әкеліндер деді. Бәріміз айтқан жеріне су әкелдік. Жаппар ағайдың соңында Шералы атаның мақтаулы тазысы жүр. Тіпті бір інге суды құя бастады. Әдепкі шелегі босаған балаларда жүгіріп барып су әкеліп жатыр. Не керек бір уақытта құйылған су құрқылдап, құрқылдап тұрды да іннен шұбатылған үлкен мысықтай аң шыға келді. Жақсылап сілкініп алды да бүгіліп, жазылып қашып бара жатыр еді. Осы уақытқа дейін шыдамдылықпен бақылап тұрған тазы жаңағын қуып жетіп тістей бергенде тазының қаңқ еткен дыбысы естілді. Қарасақ жаңағы дәл тұмсыққа жабысып алған, тазы қандай амал етседе түспейді-ау. Тазы екі аяғымен жаңағын тырмалап басын қатты сілкіп қалғанда әлгі аң анадай жерге ұшып түсті. Тазының мұрны қанап кетіпті. Алды артына қарамай қаша жөнелді. Содан ол оралған жоқ. Жаңағымыз күзен деген тышқанның бір түрі екен. Келесі інге кіріп құтылып кетті.

Тағы бір күні бәріміз жабылып бір кісінің ұрасын ашып бердік. Құйылған жүгерінің жартысын тышқан тартып кетіпті. Сонда қалай десеңіз ұраның екі жағынан ін қазып ішін тығыздап дәнге толтырады. Бәріміз сыртқа шығып іннің жобасымен мен қазып жүріп төрт шелектей жүгері алдық. Күнделікті жақсы хабар келіп жатты. Кеңес әскері жеңіп келе жатыр екен. Менің ағам келеді, менің көкем бірінші келеді деп қуанып жүрген балалар. Құдай қаласа сол қуанышты күндерді де жазамыз деген ниет бар.

Ордабек ҚОҢЫРБЕКОВ.

Бала кезімнен Сәруар ағаның есіміне қанықпын. Өйткені менің әкем де жастайынан қой баққан. Құмкент кеңшарының шопандары Жартытөбе кеңшарының шопандарымен қысы, жазы қатар қоныстас отыратын. Аралас-құралас отырып еңбек адамдары бір-бірімен тәжірибе алмасатын. Ауданның озат шопандарының көрсеткіші аудандық «Молшылық үшін» газетіне жиі шығатын. Сол тізімнің ішінен Сәруар Ахметовтің есімін жиі кездестіретінмін. Екінші тың аталатын қой шаруашылығының сол кездері дәурені жүрді. Кеңшар шопандары төл алудан бірінен-



бұл науқаннан сәтті шығатын. Қыс қамын жазда ойлап, қыстың қорасын әзірлеп қоятын. Оның іс-тәжірибесі республикаға таратылған тұғын. Бірнеше мәрте облыстық, аудандық кеңеске депутат болып сайланды. Шаруашылықтың озат шопаны маңдайы жарқырап талай мінбелерден сөз сөйледі. Жүрегі ізгілікке толы азамат кісі сыйлау, қонақ күту жағынан да көпке үлгі еді. Ешқашан дайыс көтеріп сөйлемейтін, инабатты ибалы кісі еді.

1969 жылғы қатал қыста Сәруар Ахметов қаһарлы қыспен қарсы келіп, отарының біраз бөлігін аман алып

Еңбегі елдің есінде

бірі асып түсуге тырысатын. Әрине мал бағу да оңай шаруа емес. Оған шынайы осы кәсіпке бірілген адам ғана шыдас беретін. Науқандық жұмыстардың барлығы да малдың жағдайын жасау төңірегінде болатын. Қыста мал қыстату, көктемде төл алу, жазда мал азығын дайындау, күзде күйек алу науқанына жалғасатын. Ол уақытта ауылдың барлық адамдары мал шаруашылығында еңбек ететін. Тіпті бос жүрген жасты кездестірмейтінбіз. Бүгінгі мақалаға арқау болып отырған Сәруар Ахметов Жартытөбе кеңшарының озат шопаны еді. Кезіндегі «Еңбек» колхозынан 1957 жылы Құмкент совхозы, 1962 жылы Жартытөбе совхозы бөлініп шыққан. Сәруардың әкесі Ахмет жоғарыдағы колхозда жұмыс жасаған. Анасы Күнмүл де колхозшы болған. Олар еңбек ете жүріп Сәруар, Сарақұл, Сырғакүл, Нағакүл, Ануар, Ажар, Рымкүлді дүниеге алып келеді. Сырғакүл, Нағакүл мұғалім

ниннің 100 жылдығында «Москвич» автокөлігін сыйға алса, 1976 жылы шопандар тойында және бір «Москвич» автокөлігін сыйлыққа жеңіп алды.

Еңбек адамы, ауданның, облыстың, озат шопаны аталған С.Ахметовтің атында өзі туып өскен ауылдағы М.Мәметова атындағы орта мектепте мультимедия дәрісханасы Сәруар Ахметовтің есімімен аталады.

Сәруар аға қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысатын. Ол кісінің бастамасымен Таскөмірсайдың төңірегіндегі қара талдар егілген. Бұл күндері осы талдар халық игілігіне пайдаланып, көлеңкелеп, қыста қарға бөгет болып тұр. Тағы бір айта кететін көңілге нұр құятын жай облыстан, ауданнан кісі келгенде қонақтар Сәруардың үйінде болып, дәм тататын. Сонау жылдары облыстың I хатшысы Левенцов Сәруардың үйінде Ақтастың сазында отырған кезінде күтіледі. Облыс басшысы мен бірге

қалды. Қалың қар, үскірік аяз сол кезде Созақ халқын біраз әбігерге салған еді. Тікұшақпен шөп жеткізді. Әлгі ұшақтың дауысы естілсе болды, қойлар солай қарай шұбап жүгіретін. Көптеген шопандар таяқ ұстап шықты. Міне, табиғаттың дүлей бораны сөйтіп шаруаларды сансыратқан тұғын. Қыын кездерде Сәруар көкеміз сасып, қобалжыған жоқ. Қайта жігерлене түскен еді. Даланың көркем табиғаты оны қатты қызықтыратын. Сол ынтызарлықтың арқасында ол шопан болуды қалаған-тын.

Еткен еңбек, төккен тер бекер кетпеді. Халықтың құрметіне бөленді. Мемлекеттік наградалардың бірнешеуін өңіріне қадады.

Көп Халық шаруашылығы көрмелеріне қатысты. Уақытпен санасуды білмейтін Сәруар жастарға да үлгі еді. Кейінгі буынға өзінің шопандық кәсібін көп нәрсе үйретті.

Қазіргі күнге дейін оның тәжірибесін алған жас шо-



мамандығын алып, ұстаз болды. Ануар-зоотехник. Ажар, Рымкүл –мұғалім.

Сәруар Ақжарқын жеңгемізбен 1963 жылы отау құрған. Перзенттері Гүлнар, Гүлмира, Ғалымжан –кәсіпкер, Саттар-механизатор, Жанболат ішкі істер бөлімінде қызмет етсе, Орынбасар-кәсіпкер, Бауыржан құрылыс саласының маманы болып қызмет атқарады.

Сәруар ағамыздың жұбайы Ақжарқын жеңгеміз 21 немере, 16 шөбере тәрбиелеп, өсіріп отыр.

С.Ахметов 1970 жылы Ле-

ауданның I хатшысы Бәкір Ахметов және Шалатай Мырзахметов болады. Қонақжай шаруа адамының отбасынан дәм татқан олар шопан ауылынан ризашылықпен аттанады.

Сәруар Ахметов қыста қойды Женепап жолына қыстататын. Сондай-ақ шопан жолға малын қыстатып, көктемде Көктөбе, Ақтасты сазына жайып төл алатын. Шаруа жайын қамданған Сәруар жаз бойы қойдың қоңын түсірмей, күзгі күйекке ойдағыдай етіп түсіретін. Соның арқасында күзгі күйекке қоңды түскен отар

пандар бұл күндері оның ізін жалғап, шопандық кәсіптің қыры мен сырын меңгерді.

Бабатаның табиғаты оны керемет азамат етіп шығарды. Елі, Созақ өңірінің азаматтарына Сәруардың есімі жақын. Өнегелі ісі гибратты. Жыл сайын оны еске алып, отбасы құран бағыштайды. Оның еңбекқорлық қасиеттері туралы естеліктер айтады.

Еңбегімен еліне танылған азамат өзінің ізгі жолын салып кетті.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Тұла бойы тұнған дәрумен дәрі

Құлпынай тамаққа тәбетті арттырып, астың сіңуін жақсартады, терлеткіш. Тұз аламасуды жақсартып, шөлді басады, қанды көбейтеді. Тұмауға ұшыратпайды. Халық медицинасында құлпынай қан аздыққа және ағзада витамин жетіспеушілігіне қан қысымының көтерілуіне және буынға тұз байлануын кетіретін қасиеті бар. Әрі иод тапшылығына жақсы көмектеседі. Иод жеткілікті болғанда адамдар зоб ауруымен ауырмайды. Құлпынайда көп жеген адам қыста суықтамайды және ағзадағы қанттың құрамын азайтатын қасиетке ие. Сондықтан ол қант диабетімен ауыратындардың ас мәзіріне қосылған. Бүйрек, жүректің жолдары ауыратын адамдар бүкіл жаз бойы құлпынай жеп жүрсе, ауруынан құлпынай таза айығады. Құлпынай ағзаны жақсартады. Температураны түсіреді. Адамға күш қуат береді. Еркектердің күш қуатын арттырады.

Бірақ оны гастритпен, асқазанның ойық жарасы барлары осы жеміске аллергиясы бар. Адамдарға жеуге болмайды.

Есік алдында ерте көктемнен қара күзге дейін жеміс салатын құлпынай өсіріп келе жатқанымызға 3-4 жыл болды. Созақтан, туысқандардан құлпынай көшетін сұраушылар көп. Ал жемісін тойға, бас қосуларға апарамыз және тосап қайнатып, шаймен ішеміз. Қазір құлпынай пісе бастады.

Ал інім Жанайдар есігінің алдынан кірер қақпаға дейін құлпынай көшетін егіп тастаған. Құлпынайы жайнап тұр. Бос жері жоқ. Таң қылаң бергеннен жұрт таңертең малын өріске айдағанша біраз тірлік істеп тастайды. Сиырларын өріске айдап, күн ысып үйде телесериял көріп жатады. Осы құлпынай былтыр 2 млн теңге қаржы тапты. Көшетін 200 теңгеге саудалап, 20 мың теңге қаржы алды. Себебі, ерте көктемнен құлпынайды қара суықтан қорғау үшін кленкамен көмкеріп қояды.

Құлпынай жемісіне сұраныс жоғары. Таукент, Қыземшек, Созақ ауылынан хабарласып, тиімді бағаға алып кетеді.

Құда қаласа Шымкент қаласынан арнайы теплицаның тірек темірлерін 400 теңгеге келісіп келдім. Соны алдырамын дейді.

Кәсіпкерлікті оқып, тегін грант алып, жұмысыңды өркендетпейсің бе, десем. Маған осы жетеді. Барға қанағат дейді.

Сауда орындарын аралап жүріп,

құлпынай көшетіне көзім түсті. Бағасын сұрасам 800 теңге. Енді бір жерде құтыға салған құлпынай көшеті 600 теңге екен. Сатушыға менің інім бұл көшетті 200 теңге ден сатты ғой десем, жақтырмай қараған сатушы бұл голландский, мұртша шығармайды. Дәнінен көбейеді деп жауап берді. Жанайдарды базардан көріп қалдым. Қолында ыдысқа салынған құлпынайдан көшетті 600 теңгеге алдым дейді. Мұндай көшет менде де бар ғой. Бірақ басқа көшеттермен араласып кеткен дедім. Құлпынай көшетін сатушы мақтап тұрған соң осы сортын бөлек егіп көрейін деді. Жанайдар: Үйге келдім бақшалықтың ішінде құлпынайдың түпте-ріп босатып, жабайы шөптерін жыл-жүрген зайыбыма сауда орында-рында құлпынайдың көшеті 600 теңгеден 800 теңге аралығында са-тылып жатыр дедім. Маған қарап тілің болса мынадай мақтап-мақтап неге зәру болатынын айтып 200 теңгеден сат. Сұрап келгендерге 100 теңгеден берсеңдер ұтылмай-сыңдар, бірақ ағайындарға тегін беріңдер ұят болады деді сауда са-ласында сауданың жайын білетін зайыбым. Үйдегі келін ата қарында-сыңыз телефон шалды. Қазір бір қызды жіберемін. Соған құлпынай көшетін беріңіздер деді. Артынша «ЖИП» көлігін мінген қыз келді. Өзінің сұрауы бойынша құлпынай-дың 25 дана көшетін бердім. Құда-ша екен тегін ала берсін дегем. Ол нөміріңді айт каспий голд бар ма деді. Онда құлпынай көшеті 100 теңгеден дедім. Ой 50 теңгеден бер деді. Базарда саудаласып тұрғандай келіннен сұрайын дедім, құлпынай-ды баптайтын солар ғой. Ой байлар да жылайды екен- ау дедім іштей. Шешеміз Күләш Балдысудағы есік алдынан бақшалыққа отырғызылған алма, өрік ағаштарынан жерге төгіліп, түскен жемістерін көріп, обал ғой мынаған Шолаққорғанға базарға шелегімен өткізсеңдерші дейді. Үлкен ағам Сұлтанға. Себебі Сұлтан ағам өз жұмыстарымен аудан орта-лығы Шолаққорғанға жиі қатынай-тын Қаяқтан үйдегі балалар алма мен өрікті жемек түгіл бір-біріне допша лақтыратын. Шешеміз бол-маған соң өзі әуірімдеп жинап, Ұл-панкулдің, Алпыстың үйлеріне тағы басқа көршілерге шелекпен тарата-тын. Олардың алғысын алатын.

Алпысыншы жылдары Тасты кеңшарынан әкемнің қызмет бабы-мен ауысуына байланысты Энгельс атындағы кеңшардың №2 фермасы

Қызылбайраққа қазіргі Раң атадан көшіп келгенбіз. Ауыл адамдары сондай бауырмал екен. Құшақ жая қарсы алды. Айтбек Есенқұлов, Ге-нерал Асқаров. Уәлихан Мүсірәлиев, Балғынбек Тауменов, Айдаболов Ыбырайым, Қасымов Сейдахмет, Өтжанов Уәлихан, Жылқыбаев Құ-бахан, Қыздарбеков Орынбасарлар әкемнің нағыз достары болды. Жа-найдар ол кезде ойын баласы. Бәрі шай үстінде Жанайдарды тізесіне қойы еркелететін бәрі Жанақ дейтін.

Еркеліктің арқасы ма Жанайдар айтқаны болмаса қиғылықты сала-тын айтқанын орындатпай қоймай-тын.

Осындайда бізге жежаттығы бар Дүйсенбеков Омарбек аудан орта-лығынан Қаратау кеңшарына қыз-мет бабымен кетіп бара жатып, жо-лай үйге соғып, шай ішіп кейде кеш-теу келсе, қонып та қалатын. Өзіне милиция формасы жарасады. Түнде тапаншасын шешіп жастығының ас-тына қойып жастанып жататын. Таңертең Жанайдардың айқайы шыққанда шешем Күләш, әй, Мили-ция кел, Жанайдарды әкет, қамап қой дейтін. Құс ұйқылы Өмекең әй кім бұл дауысын қатайтады. Қайта жастыққа бас қояды. Нағашым Пар-ман Сыздықовтың шешесің Мәрия саңғыл. Төлеген Момбеков әкеммен бажа. Тайқоңырдағы мектеп дирек-торы Айсұлу әкемнің ағасынан бала-сы Омардың қызы. Ол үйдегі жеңгеміз Дәнеккүл сызғандық саңғылдың қызы. Баланы алты жасқа дейін еркелет, алты жастан асқан соң құлыңдай жұмса дейді ха-лық даналығында. Ауылда жалғыз бастауыш мектеп болған соң оқуы-мызды ары қарай жалғастыру үшін сыртта нағашыларымыздың үйінде жатып оқыдық. Жанайдар ауылда қалды. Сабағын өте жақсы оқыды, алғыр, әсіресе есепті шемішкеше шағатын. Жазғы демалыста Тасты кеңшарындағы Абай атындағы жал-пы орта мектепте оқып жүрген мен ауылға келдім. Баяғы аппақ Жанай-дар емес, қолары күс, күс өзі азып кеткен. Ауылда бөлімшенің кеңсесі болмаған соң біздің үй кеңсеге ай-налып кеткен екен. Малшы, жұмыс-шылар әкемді іздеп келеді. Ферма қайда ферма деп оларға келген соң шешем шай дайындайды ол үшін су керек. Жарты шақырымдай жердегі Шалов Зейдінің үйінің жанындағы бұлақтан суды тасу малға қарау Жанақтың мойнында әбден еңбекке піскен ол. Соның арқасында еңбек-қор болып өсті. Әкеміз бәрімізді

қыран бүркіт сияқты тәрбиеледі. Қырандар балапандарының қауыр-сыны қатайып ұшуға талпынған кез-де қия құздан төмен қарай итеріп жібереді екен. Жерге жақындағанда қанатымен іліп алып қайта ұшыра-ды. Балапандар содан соң өздері әрекет жасап ұшуға машықтанады.

Жаз кезінде таудан, «сасыр» шөбін оруға шығамыз. Әкеміз таудың биік беткейіне сасыр қалың біткен жеріне шығарып жібереді. Сасырды төмен қарай қойдың жүнін қырыққандай ора бастаймыз. Төбешік төбешік бо-лып үйіліп қалады. Осы органымыз-ды таудың ұшар басынан арқалатып жерге түсіретін. Ол да қайсар-лықты табандылықты қажет етеді. Тоқырау жылдары Қазақтелекомда басшының орынбасары болып жүргенде Жеткіншек елді мекенінен жер алып бақша егіп мол өнім алды. Автокөлік мінді.

Егістіктен кеш келген Жанайдар үйге келген соң шайын ішіп, ерте жатып қалған. Ол өзінен өзі оянып сыртқа шықса есік алдындағы ав-токөлігінің төрт доңғалағын біреулер үптеп кетіпті. Түнде қараңдаған біреулерді көріп қуып берсін. Екі доңғалақты құшағына қысқан күйі қашып бара жатқан ұрнының қолы-нан доңғалақты тартып алады. Түнде түрін байқай алмадым. Ер-тесіне қалған екі доңғалағымды сай-дан тауып алдым. Сонда осы пәле-кеттер ұрлық қылғанша еңбеке етсе қайтер еді деп кейігені бар. Қазақте-лекомда жұмыс істегенде заң бой-ынша 60 жаста демалысқа шығады екен. 63 жасқа дейінгі үш жылдық айлығын мекеме бірден есеп шоты-на аударып береді. Осыны ойлай келе Жанайдар 60 жаста демалысқа шықты. Үш жылдың еңбек ақысы қолына тиген соң үш бірдей жоғары білімді ұлдарының бірі үйленсе тұрар деп, Шолаққорған ауылынан жер алып үй салды. Үлкен қызы Гүлзат тұрмыста. Бауыржан Әбіл-паттаевқа тұрмысқа шыққан.

Ағайынға сыйлы нендей жаңа-лықтар болса бәрімізді хабардар ететін ол дәрілік шөптердің түрін жатқа айтады. Нендей ауруға ем екенін біледі. Бүгінде дәрілік шөп құлпынай өсірудің маманы. Келер жылы Жанайдар Пайғамбар жасы 63 ке келеді. Ісің оң болсын деймін.

**Жұмахан ОТАР,
Шолаққорған ауылы.
(Құлпынай туралы деректер
ғаламтордан алынды.)**

Бар басымдық сақтықта

Барлығымыз да айналамызды қоршаған ортаға адам ретінде, тіршілік иесі ретінде жауаптымыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөзде не жер бай-лығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жаса-лып отырған қылмыс демеске ла-жымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қара-барқын сынды табиғат байлықта-ры болашағымызға жасалған қия-натымыз. Мұның артында экологи-ялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер плане-

тасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат бала-сы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өніуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, та-биғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдын-дағы үлкен парыздың орын-далғаны болар еді. Ардақты аудан азаматтары ауданымыздың та-биғаты мен ауасын өрт шалмасын. Өртке қарсы бірлесіп ауызбір-шілікте жұмыс жасайық.

**Ерболат ОМАРБЕКОВ,
Шолаққорған орман шаруа-шылығының орманшысы.**

Орманды алқапты өрттен қорғайық

Қазіргі уақытта көктемнің мамыра-жай күндері көптеген жеке азаматтар ұйымдасып тау баурайына сейілге шығып серуен ұйымдастырады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен таулы ай-мақта орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлген-ше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөзде не жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жаса-лып отырған қылмыс демеске ла-жымыз жоқ. Кенеттен болған өрт та-

биғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жа-салған қиянат екенін ескере бер-мейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны бар-лығымызға белгілі. Жер планетасы-ның ғасырлар бойы барлық жануар-лар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені барша-мызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, от-тегінің көзі екені де рас. Ендеше ау-данымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өніуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұста-сақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орын-далғаны болар еді.

**Мұхамбетқали БАЛАЖАН,
Қаратау қорығының мемле-кеттік инспекторы.**

Қоғамдық тыңдау өтеді

12.07.2023 ж. бастап 25.07.2023 ж. дейін, <http://ecoportal.kz/> сайтында «Буденовское» кен орнының №2 учаскесінде «Қаратау» ЖШС қызметінің салдарын жою жоспары» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қаратау» ЖШС. БСН 050740004185. Мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау ауылдық округі, Сарыжаз ауылы, 021 квартал, 192 үй.

Тел.: +7 (725) 299-73, reception.karatau@karatau.kazatomprom.kz

Әзірлеуші: «Жоғары технологиялар институты» ЖШС. БСН: 020240001938. Мекен-жайы: Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168, тел. +77084135260, e-mail: e.panova@iht.kazatomprom.kz

Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық мекенжай: Панова Елена, тел. +77084135260, e-mail: e.panova@iht.kazatomprom.kz

Жоба материалдарымен сайттан танысуға болады ecoportal.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

С 12.07.2023 г. по 25.07.2023 г. на сайте <http://ecoportal.kz/> проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту «План ликвидации последствий деятельности ТОО «Каратау» на участке №2 месторождения «Буденовское».

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Каратау». БИН 050740004185. Адрес: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский сельский округ, село Сарыжаз, квартал 021, дом 192.

Тел.: +7 (725) 299-7373, reception.karatau@karatau.kazatomprom.kz

Разработчик: ТОО «Институт высоких технологий». БИН: 020240001938. Адрес: г. Алматы, ул. Бөгенбай батыра, 168, тел. +77084135260, e-mail: e.panova@iht.kazatomprom.kz

Контакты и электронный адрес, по которым можно получить дополнительную информацию: Панова Елена, тел. +77084135260, e-mail: e.panova@iht.kazatomprom.kz

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте ecoportal.kz в разделе «Общественные слушания».

Хабарландыру

«Уранкуат» ЖШС-нің Таукент филиалы тұтынушылардың алдында 2023 жылдың 1 жарты жылдықсеп беру жайында жария тыңдау болатынын хабарлайды.

Есеп беру тұтынушылардың алдында төмендегі қызмет көрсету түрлері бойынша өткізіледі:

- Электр энергиясын тасымалдау;
- Суды беру және сарқынды суды бұру;
- Инвестициялық бағдарламаның орындалуы.

Жария тыңдау мына мекен жайда өтеді: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті, Қанжуған кеніш аймағы, «Уранкуат» ЖШС-нің Таукент филиалының ғимаратында, 2023 жылы 26 шілде сағат 10-00 де өткізіледі.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 23-3-03, 23-5-43 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда...



Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әке, ардақты ата, ауыл аймаққа сыйлы болған жан **Қайдауыл Құдайбергенұлының** дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асқартаудай асыл әкеміздің нұры жадымызда мәңгі өшпек емес.

Асыл әке, аяулы әке ардақтымы, Көтердің-ау ең ауыры салмақтың, Біздер үшін асқар едің, шың асқақ, Сенсіз қалды жанымызда шын ақсап. Сыйлы едің көпшілік жұрт тәуісқа,

Өнеге алып өсті ұрпақ өзіңнен.

Енді алла шапағына бөленіп,

Орның болсын жәннаттың кең төрінен- дей келе әкеміз Бейсейтұлов Қайдауыл Құдайбергенұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша жамағатқа, ағайын-туыс, бауырларына, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Қырық күндік асы 7 шілде күні (6 шілде – қонақ асы) Шолақорған ауылы, А.Спатаев көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

Еске алушылар: ұл-қыздары, немерелері, бауырлары.

Балмұздақтан уланудың алдын ал!

Балмұздақ көпшіліктің сүйікті тәттісі, ал ыстық күндерде оған деген қажеттілік артады. Дәл осы кезеңде өнімнен улану жағдайлары жиі кездеседі. Неліктен балмұздақтан улану мүмкін және уланудың алғашқы белгілері қандай? Көбінесе жұмсақ балмұздақ күмәнді сауда нүктелерінде немесе мұздатқыштарда көше бойында, заңсыз рұқсат етілмеген орындарда сатылады. Өздеріңіз білетіндей, бұл қондырғылар жазда әрдайым жоғары температураға төтеп бере бермейді және тұтынушыларға қызмет көрсету кезінде жиі ашылғанда, өнім ериді, яғни сақтау шарттары бұзылады, сондай-ақ сатылған балмұздақ астындағы бос контейнерлерді өңдеу үшін санитариялық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкес жағдайларға сәйкес келмейді. Ал, егер сіз сатушының сауда нүктесінде арнайы киімсіз, ұқыпсыз күйде екенін көрсетіңіз және оның жұмысқа

рұқсаты бар медициналық кітапшасы бар екендігі фактісі болмаса, жұмсақ балмұздақ беретін машиналар жеткіліксіз болса, онда мұндай балмұздақ сатып алудан бас тартқан дұрыс. Сатушылар үшін өнімді қабылдау олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттармен жүзеге асырылуы, арнайы киім кию және жеке гигиенаны сақтау сияқты қарапайым ережелер бар және объектіні таза ұстау. Сондай-ақ, сатушыларда медициналық тексеруден өткені туралы белгісі бар медициналық кітапша болуы қажет. Бұдан басқа, сауда нүктелерінің иелері аумақтық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы органдарына өз қызметінің басталғаны туралы хабарлама беруге және рұқсат алуға міндетті.

Балмұздақтан бруцеллез, жіті ішек инфекциялары аурулары таралуы мүмкін. Бұл аурулар негізінде құйылмалы

балмұздақтарда көп кездеседі. Бірақ алушылардың ешбірі қауіптеніп, одан бас тартып жатқанын көрмейсің. Сол себепті оны тұтыну барысында аса мұқият болған жөн. Балмұздақты алмас бұрын, ең әуелі шығарылған мерзімін, сақтау мерзімін қарап, құрамымен танысу қажет.

Қауіпсіз балмұздақты қалай таңдауға болады? Біріншіден, күмәнді сауда нүктелерінен сатып алмаңыз, тәтті өнімнің қаптамасы мен жарамдылық мерзіміне назар аударыңыз. Екіншіден, балмұздақтың түсі біркелкі, консистенциясы біркелкі болуы керек, тістеген кезде қатты кесектер, мұз кристалдары, жағымсыз иіспен дәм сезілмеуі керек. Егер сіз металл дәмін сезсеңіз өнімді тастаған дұрыс.

Сіздің сүйікті тағамыңыз өз денсаулығыңызға зиянын тигізбесін. Өзіңізге, отбасыңызға қамқор болыңыз!

Ботулизм ауруынан сақтаныңыз

Ботулизм-жалпы организмнің улануына әкеліп соғатын и аурудың ауыр түрі. Ботулизм С таяқшасы бөліп шығаратын улы затпен бүлінген тамақтан жұғады. Ботулизм адамдарға көкөністен, саңырауқұлақтан, еттен, балықтан технологиялық ереже сақталмай дайындалған әр түрлі консервіленген тағамдарды пайдаланғанда жұғады. Аурудың жасырын кезеңі 2-12 сағаттан 7 күнге дейін созылады, негізінен жиі 18-24 сағатта жедел басталады. Ботулизмнің алғашқы белгісі білінісімен науқасты ауруханаға жатқызу керек. Сонымен қатар көздің қарашығы ұлғайып, зат қосарланып көрінеді, адамның жұтынуы қиындап, бірте-бірте даусынан айрылады. Белгілері-әлсіздік, іш ауруы, құсудың пайда болуы, көз алды торланып, бұлдырайды, бір нәрсе екеу болып көрінеді, ішкен асы тамақтан өтпей, шашалады, жұтыну қиындайды, даусы қарлығып, мұрын арқылы сөйлейді.

Аурудың алдын алу мақсатында базар, сауда нысандарынан, белгіленбеген сауда орындарынан үй жағдайында дайындалған, қолдан жапқан консервіленген саңырауқұлақ, көкөніс салат, ет, балық өнімдерін сатып алуға болмайды. Консервіленген салаттарды пайдаланған кезде сақтайтын, пайдаланатын уақыт мерзімін қараңыз, қақпағы күмбиген (бомбаж) салаттарды пайдаланбаңыз. Жеміс-жидек, көкөніс консервіленген кезде оларды жақсылап жуып, тазасын, бүлінбегенін пайдаланыңыз. Көбіне үй жағдайында дайындалған

қолдан жапқан саңырауқұлақ, баклажан, көкөніс салат, ет, балық консервілерін пайдаланғаннан болады. Тағамдық ботулизмнің даму механизмі асқазан-ішек жолына түскеннен кейін ферменттердің әсерінен ботулотоксиннің күші жоғарылайды. Токсин қанға өткеннен кейін, бұлшық еттердің салдануына әкеліп соғады. Тыныс алу бұлшық еттерінің парезінен тыныс алудың жедел жетіспеушілігі дамиды. Жұтыну бұзылысы дамиды. Жеңіл жағдайларда тамағында бір нәрсе тұрғандай сезім болады және қатты, құрғақ тағамдарды жегенде жұтынудың қиындауы байқалады. Ауру қиындай түскенде сыйық тағамды жұтудың өзі қиындап, мұрын арқылы шыға бастайды. Ботулизм кезінде сауығу ұзаққа созылады, 1-1,5 ай шамасында болады. Оған жедел түрде ботулизмге қарсы арнаулы иммунды сарысу егіледі. Мұндай сарысуды науқаспен бірге болып, ұланған басқа адамдарға да егу қажет. Бұл аурудан сақтау үшін азық-түліктерді өңдегенде, тасымалдағанда, сақтағанда, дайындағанда, соның ішінде үйде консервіленгенде санитарлық-гигиеналық ережелерді мұқият орындау қажет. Ботулизм ауруы-бұл тамақтан уланудың ауыр түрі, уақытында дәрігерге көрінбесе өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Жемқорлық-қауіпті індет

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықта-

ры мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің

құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Мурат УМИРБЕКОВ,
аудандық ХҚКО жетекші маманы.

Зайырлық - қазіргі Қазақстан өміріндегі жаңа ұғым. Зайырлық - бұл:

1) кез келген дінге қатысты мемлекеттің бейтараптығы;

2) мемлекеттің кез келген діннен тәуелсіздігі, сондай-ақ діннің мемлекеттен тәуелсіздігі;

3) ар-ождан және діни сенім бостандығы;

4) білімнің кез келген діннен азаттығы.

Зайырлық адамдарға түрлі діндерге сенушілігі, пікір мен сенімдерінің айырмашылығына қарамастан тату-тәтті өмір сүруіне мүмкіндік береді. Сондықтан да қоғамның зайырлы болуы игілік пен

діни қысымды болдырмауының өзі оның демократиялық және зайырлы елдің басты қызметі. Мұны заңымыздағы «ар ождан бостандығы», «діни сенім еркіндігі» ретінде түсінеміз. Қазірдің өзінде қоғамда «сен мен сияқты сенуің керек, мынауы ширк, мынауың бидғат, натижеде сен кафирсің» деген психологиялық, діни, танымдық қысымдар көрініс беруде. Осы құбылысты реттейтін де зайырлық ұстанымының кепілі болып отырған мемлекеттік институт болу керек. Ал мемлекеттің де демократиялық, либералистік, зайырлық сипаты ешқандай сеніммен, діни қағидамен, дінмен қайшы келмейді. Сон-

Зайырлық және тұлға

қажеттіліктен туындайды. Зайырлық мемлекеттің негізгі белгісі - баршаға бірдей дінді міндеттемеу болып табылады.

Қазақстанның зайырлық мемлекет екендігі Ата заңымыз - Конституцияда бекітілген. Бұл біздің мемлекетімізде діни ұйымдар мемлекеттің қызметіне араласпайды, сондай-ақ олардың өзіндік қызмет саласына мемлекет те қол сұқпайды деген сөз.

Зайырлық мемлекет барлық наным-сенімдерге, идеологияларға бейтарап қарайды. Зайырлық мемлекет пен діннің бір-бірінен бөлінуі, мемлекеттің әлеуметтік, саяси және құқықтық негізгі жүйесінің діни ережелерге сүйенбеуін білдіреді. Осы анықтамаларға қарап, зайырлықтың мемлекет болмысына қатысты қағида, ұстаным екендігін көруге болады. Байқасақ дінді мемлекеттен бөлетін, діни негізге сүйенбейтін, діндерге бейтарап қарайтын жеке тұлға емес, мемлекет екен. Ал жеке тұлға барлық діндерге тарапсыз қарай ала ма?

Расында осы мәселеде идеологиялық ғылыми негізі жоқ анықтамаларға негізделген түсіндірмелермен шектелу дұрыс болмайды. Бұл - мемлекетіміздің тарихи болмысын, құндылықтары мен дүниетанымын ескермегендік болады. Сондықтан анықтамалармен қоса, сол ұстанымның сатылары мен ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасау керек. Себебі батыста дін қызметкерлеріне клерикал, ал қарапайым адамдарға зайырлық деп қарайды. Яғни зайырлық адам деген сөз дін адамы яки діни қызметкер емес дегенді білдіреді. Ал мұсылмандарда бұл түсінік бөлек. Исламда діни қызметкер, діни адам деген нақты бір қатып қалған ұғым жоқ десе де болады. Кез келген мұсылман діни білімі жетіп тұрса діни қызметті атқара алады. Мысалы жамағатқа имам болып намаз оқыту, жаназа шығару сынды.

Зайырлық ұстанымында мемлекет өз азаматтарының сенімдеріне, араласпай, бөле жармай, қандай да бір діни сенімнің келесі бір дінге қысым жасамауын, үстемдік етпеуін, қысым көрсетпеуін реттейтін функциясы бар. Мемлекеттің

дықтан да тұлғаның әрі демократ, зайырлық әрі діндар болуында ешқандай қайшылық жоқ. Олай болса, «мен зайырлық емеспін, тек мемлекет қана зайырлық» деп жүрген азаматтарымыздың пікірі, мұсылмандар демократ, зайырлық бола алмайды, мұсылмандар шарифатқа негізделген мемлекетті қалайды деген саяси идеологиялық қабаттарынан хабар береді деген сөз. Жоғарыда да айттық, зайырлық сенімге дінге, идеологияларға қатысы жоқ ұстаным. Сондықтан Қазақстан зайырлық ел, құрушысы қазақ мәдениеті, ол мәдениетте ислам басты анықтаушы дін.

Біздің кейбір адамдар зайырлықты кешегі коммунистік кезеңдегі атеизммен шатастырады. Ол режимде барлық нәрсе, ғылым да, өнер де, әдебиет те атеизмге қызмет етті. Сондықтан кешегі коммунизм атеистік мемлекет болды деп айта аламыз. Кейбір зерттеушілер оны зайырлық, соның ішінде секуляризм, яғни шектен шыққан зайырлық жүйе болған дейді. Бұл қате түсінік. Себебі зайырлықта әр адамның құдайды тану тәжрибесі рухани психологиялық процесс ретінде нақты шаблондарға сүйенеді. Кеңестік кезеңде мұндай мүмкіндіктер болмады.

Мемлекеттің діни қысымды болдырмауының өзі оның демократиялық және зайырлық ұстанымының басты қызметі. Ал кеңестік жүйеде мұндай қызметтер болмаған. Бұған заңымыздағы «ар ождан бостандығы», «діни сенім еркіндігі» дәлел болады. Ал қазіргі мемлекеттің демократиялық, либералистік және зайырлық сипаты ешқандай сеніммен, діни қағидамен қайшы келмейді.

Қорыта айтқанда зайырлық дін емес, мемлекеттің ұстанымы. Ол дінге тыйым салмайды. Зайырлық қоғамда өмір сүре отырып діндар болуға, діни қызмет атқаруға мүмкіндік бар.

Б.АБДРАХМАН,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ - нің теолог маманы.

Мәзһаб ұғымы мен мәні

Тарихтан баян болғандай пікір алуандылығына байланысты ислам әлемінде көптеген мәзһабтар пайда болған. Алайда күллі мұсылмандарға белгілі ислам құқығында 4 мәзһаб, сенімде 2 бағыт бар. Ислам құқығында - Ханафи, Мәлики, Ханбали, Шафиғи. Ал сенімде - Матуруди және Ашғари мәзһабы. Әлемнің көптеген мұсылман елдері, Балқан түбегі, Түркия, Ауғанстан, Пәкістан, Орта Азия даласы және көптеген түркі халықтары - имам Әбу Ханифаның жолын ұстанады. Соның ішінде бізде яғни қазақ халқыда бармыз. Ата-бабамыз исламның сүнниттік бағыттағы Ханафи мәзһабы Матуруди ақидасын ұстанған.

Қоғамда дінді ұстанушы болсын, болмасын «неге біз мәзһаб ұстанамыз, мәзһабсыз жүрсек болмай-ма?», деген сауалдар болып жатады. Бұл сұраққа жауап бермес алдын «мәзһаб» деген не? ол бізге керекпе? деген сұраққа жауап берсек. Мәзһаб сөзі араб тілінен аударғанда - жол, көзқарас, деген мағыналарды білдіреді. Қайнар көзі - Құран мен сүннетке негізделген илаһи жүйе. Бұл ұғым ардақты елші Мұхаммед Пайғамбар (с.а.с.) кезінде болмады. Мұсылмандар арасында қандайда бір қиындық туа қалса Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) барып сұрайтын. Алла елшісі дүниеден өткен соң халық арасында қандайда бір түйткілді мәселе болса шешімін сұрау үшін сахабалар мен табиғандардан барып жүгінетін. Өйткені Алла елшісі Мұхаммед (с.а.с.) «Менің сахабаларым аспандағы жұлдыздар секілді, қайсысының соңынан ерсеңдерде адаспайсыңдар» деген хадисін басшылыққа алатын. Уақыт өте келе ислам дінін әр түрлі климаттық белдеуде орналасқан мәдениеті, тілі, дәстүрі, өмір сүру дағдысы бөлек түрлі халықтар қабылдай бастады. Осындай жағдайда мұсылмандардың діни сұранысын қанағаттандыратын жолбастаушы қажет болды. Орын алып жатқан түрлі саяси жағдайларға байланысты «ағымдар» пайда бола бастады. Алғашқы мәзһабтар ретінде - муржия, муғазила, харижия секілді ағымдар пайда болды. Бірақ барлығы да сенім мәселесінде қателікке ұрынып, Муташабиһ аяттардағы Алла Тағаланы кемшіліктерден пәктеудің орнына оған ғана тән іс-әрекеттерге төрелік жасап, көптеген мұсылмандардың адасуына себеп болды.

Құран Кәрімнің Нахыл сүресінің 43 аятында: «Білмесендер білім иелерінен сұраңдар», - деп бұйырғандай шарифатта ғалымдардың соңынан еру қарапайым халық үшін міндет. Ал ғалымдар халыққа шарифатты үйретуші әрі түсіндіруші болып табылады. Себебі қарапайым халық өздігінен шарифат пәтуасын шығара алмайды. Адасқан ағымдарға алғаш болып соққы жасап, мұсылмандарды фикһ пен сенімде дұрыс арнаға бұрған алғашқы ғалым Имам Ағзам Әбу Ханифа

(Нұғман бин Сәбит) болды. Тартыстардың пайда болуына негіз болған «амал мен иман» мәселесі. Көптеген ағымдардың көзқарасы бойынша амал мен иман бір. Амалы жоқтың иманы жоқ. Демек ол көпір деген ұстанымды ұстанады. Мұндай жағдай қазіргі күнімізде де орын алып жатқаны белгілі.

Ханафи мәзһабы бойынша «амал иманнан бөлек, амал иманның жемісі және күнәһар адамның ақыреттегі халі Алла Тағаланың қалауына байланысты. Қаласа кешіреді, қаласа жазалайды. Сондай-ақ иман келтіріп намаз оқымағанның үкімі - көпір және тозақтық емес күнәһар мұсылман болып табылады. Үкім беру Алланың ісі», - деп бұл мәселеге араласуды қате санаған. Яғни қандайда бір мұсылман тілін кәлимаға келтіріп амал етпесе де ол мұсылман. Атақты Жәбірейіл хадисінде Жәбірейіл періште Алла Елшісінен ислам мен иманды бөлек сұрау арқылы амал мен иманның бір еместігін жеткізе келе періштенің келу себебі «сендерге діндеріңді үйрету үшін келді», - деп түсіндіреді.

Соңғы уақыттары «Құран мен сүннет тұрғанда бізге мәзһабтың не керегі бар?» немесе «сен кімнің жолымен жүресің Әбу Ханифамен бе әлде Пайғамбардың жолымен жүресің бе?», - деп шиеленістер шығарып, мәзһабты керексіз етіп жүргендерге көзіміз куә. Мәзһабсыз-ақ құлшылық етеміз деп өздері сәләфилік бағыттағы ғалымдардың шығарған пәтуаларымен амал-ғибадат етіп жүргенін байқайсыз. Мәзһабты жоққа шығару «Құран мен сүннетке» қарсы шығумен тең. Алла Елшісі Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) дүниеден өтерінде: «Ей мұсылмандар! Мен сендерге екі нәрсені қалдырып барамын. Егер осы екеуін бекем ұстап, амал етсеңдер ешқашан адаспайсыңдар. Ол - Құран және сүннет», деген екен. Теріс діни ағым өкілдері теңдесі жоқ ғалым деп есептейтін Ибн Тәймия былай депті: «Ислам мәзһабтары жұмаққа жетелер жолдар». Ал мәзһаб мұсылмандардың құлшылығын жеңілдету үшін құрылған һәм тура әрі қатесіз жол.

Қорытындылай келе айтпақ болғанымыз «мәзһаб» мұсылмандардың құлшылық-ғибадатын, өзара қарым-қатынасын жеңілдететін қоғам үшін қажетті жүйе. Жоғарыда аталған 4 мәзһабтың қайсысының етегіне жармасақта тұп-тура Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) мен оның асхабына апарар төте жол. Дегенмен ата-бабасы қай мәзһабты ұстанып өтсе, ұрпақта сол жолмен жүргені абзал. Мұсылманның мақсаты Алла және оның елшісінің бұйырған жолымен жүру болса, тек қана «мәзһаб» ұстану арқылы болмақ.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бақытжанович

Бас редактор:
Теңісбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.